

I ТОМ

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жанғара Дәдебаев

АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРАЛЫҒЫ

(Ойлар мен толғаныстар, талдаулар)

Нұр-Сұлтан
2021

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
А13
Д20

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі ұсынған
(2021 жылдың 31 тамыздағы №1 хаттама)

Пікір жазғандар:
Қ. МӘДІБАЕВА, филология ғылымдарының докторы, профессор
Т. ТЕБЕГЕНОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор
А. ШӘРІП, филология ғылымдарының докторы, профессор

Жоба жетекшісі:
Е.Б. СЫДЫҚОВ, ҚР ҰҒА академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Арнайы редактор:
Д. ҚАМЗАБЕКҰЛЫ, ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ISBN 978-601-337-558-8
ISBN 978-601-337-559-5

А13; Д20 Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы. – **Т.1. Дәдебаев Ж. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар.** – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021 – 307 б.

«Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы» сериясының 1-томы ретінде ұсынылып отырған филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың «Абайдың шығармашылық даралығы» зерттеуінде ұлы ақынның танымы, көркемдік ойлау кеңістігі, ықтимал әлемі, адам мен заман жайы, ілімінің құрамдас бөлімдері мен қайнар көздері секілді іргелі мәселелер пайымдалған. Автордың талдауы, саралауы байыптауы, тұжырымдауы әдебиеттану ғылымының жаңа талаптарына сәйкес келеді.

Кітап ұлт руханиятына ынтызар жалпы қауымға, ғылым, білім, мәдениет саласының мамандары мен білім алушыларға арналған.

ISBN 978-601-337-558-8
ISBN 978-601-337-559-5

© ҚР БҒМ Ғылым комитеті, 2021
© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021
© Дәдебаев Ж., 2021

АҢДАТПА

Қазіргі таңда өркениеттер тоғысы мен мәдениетаралық диалогте ой бәйгесінің орны айрықша. Халыққа жол сілтер кемел ой айтқан, заманынан озып парасат пен көркемдік биігіне көтерілген, шығармашылық мұрасы қай уақытта да өміршеңдігін жоғалтпаған алыптар – ұлттың мақтанышы мен тірегі. Қазақ елі тарихында сондай тұлға – Абай Құнанбайұлы.

Халқымыздың сөзін Абайдан бастап, ойын ақын сөздерімен сабақтауында да терең мән бар. Тарихтың талай-талай қиын кезеңдерінде Абай өз халқының адастырмас рухани темірқазығы, жаңылдырмас көркемөнер бағдары бола білді. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекетшіл жаңару идеясы ұлы ақынның көзқарасымен үндесіп жатқаны баршаға белгілі.

Жаһандану заманында біз әлемді тек ақыл-ой, парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Ал әлемдік бәсекеге сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Бұл ретте ұлы ақын білікті ел болуға, алған білім мен жиған тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырады.

Абай жалғыз әдебиетттің ғана ауқымына сыймайды. Ол – күнделікті тіршілігімізді бастап, биік адамгершілікке дейінгі аралықты тегіс қамтитын жан-жақты құбылыс. Сондықтан да Абайды зерттеуді тек әдебиеттанушы, тарихшы ғалымдардың мойнына жүктеп қоюға болмайды.

Абай Құнанбайұлының мұрасын қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар арнасында талдамалық тұрғыдан зерттеу – бүгіннің өзекті мәселесі және ақын шығармашылығын әлемдік өркениеттер ауқымында қарастырудың айрықша жолы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан», «Абай – рухани реформатор» бағдарламалық мақалалары осы зәруліктің түйінін тарқатты. Аталған еңбектерде ақын мұрасының мұраты мен мүддесін бүгінгі қоғамның қажетіне жаратып, жас ұрпақты рухани жетілдіру құралына айналдыру күн тәртібіне қойылды. Осы міндетті орындау мақсатында «Абай Құнанбайұлының мұрасы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар аспектісінде» кешенді талдамалық жобасы ұсынылды. Бұл жоба Үкімет тарапынан қолдау тауып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мемлекет басшысының бастамасымен ашылған «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтына оны орындауға тапсырыс берді.

Соған орай «Абай академиясы» ғалымдары ойшыл ақынның әдеби мұрасын адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен мәдениет бағыттары аясында жаңаша зерделеу арқылы ұлы ақынды бәсекеге қабілетті қоғам құру мен интеллектуалды ұлт қалыптастырудың темірқазығы ретінде жан-жақты насихаттауды қолға алды және жалпы Қазақстан қоғамына арналған танымдық басылым үлгілерін әзірлеп, басып шығару мақсат етілді.

Тұтастай алғанда, бұл кешенді жоба «Абай дүниетанымындағы этикалық-философиялық көзқарастар», «Абай шығармашылығы және қазақ әдебиетінің қалыптасуы», «Абай мұрасы және түркі әлемінің өркениеттік негіздері», «Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-этнографиялық контексі» «Абай тілі және қазақ тіл білімінің мәселелері», «Абайдың экономикалық көзқарастары және қазақ халқының шаруашылық құрылымы» т.б. арнайы сериялармен бірнеше томнан тұратын ғылыми-танымдық басылымдарды зиялы қауымға, ғылыми ортаға, барлық деңгейдегі білім алушылар мен көпшілік әлеуметке ұсынады.

«Абай Құнанбайұлының мұрасы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар аспектісінде» жобасының «Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы» сериясының 1-томына филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың «Абайдың шығармашылық даралығы» атты зерттеуі енді. Мұнда ұлы ақынның шығармашылық даралығы ғылыми-танымдық тұрғыдан зерделенген.

Ғылыми-танымдық басылымдарды баспаға дайындау жұмыстарына Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жетекші ғалымдарынан жасақталған арнайы шығармашылық топ, сондай-ақ еліміздегі абайтанушы ғалымдар жүзеге асырды және оларға редакциялық алқа, жобаның ғылыми жетекшісі, ғылыми және жауапты редакторлар, ғалым-сарапшылар басшылық жасады.

Маңызы жоғары күрделі жобаның аясында танымдық басылымдардың жарыққа шығуына қолғабыс еткен әріптестердің баршасына ризашылығымды білдіремін.

Ерлан Сыдықов,
академик, жоба жетекшісі

МАЗМҰНЫ

Аңдатпа.....7

Кіріспе.....10

Бірінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы туралы.....14

Екінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және болмыс шындығы.....44

Үшінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және адам мен заман сипаты.....69

Төртінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және жан мен тән табиғаты.....94

Бесінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және ақыл сыны.....115

Алтыншы тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және қайрат ісі.....141

Жетінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және жүрек айнасы.....160

Сегізінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және дәстүрлі дүниетаным. 181

Тоғызыншы тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және абай іліміндегі бес асыл іс.....200

Оныншы тарау

Абайдың шығармашылық даралығы аралығы және абай іліміндегі бес дұшпан.....228

Он бірінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы жәнемәдениетаралықкеңістігі.....256

Он екінші тарау

Абайдың шығармашылық даралығы және мән мен мағына поэтикасы... 281

Қорытынды.....306

«АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ»
сериясы, 1-том

Жанғара Дәдебаев

АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРАЛЫҒЫ

Ойлар, толғаныстар, талдаулар

Баспаға дайындағандар:
Ү. МҰСАБЕКОВА
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ж. КІШКЕНБАЕВА, Ph.D
Ж.ТҰЛЕУБАЕВ, магистр

Кітап мұқабасында
ҚР Суретшілер одағының мүшесі
Дәурен Қастеевтің
иллюстрациялық суреті негізге алынды

Техникалық редакторы және беттеуші
Е. НҰРҒАЗИН, А.ШЕРІМБЕТОВ

ISBN 978-601-337-558-8

9 786013 375588

ISBN 978-601-337-559-5

9 786013 375595

*Қатты мұқабада. Пішіні 60*90*
Қаріп түрі «Times»
Таралымы 200 дана